

## 2-Дәріс

### Ортағасырлық жазба жәдігерлердің жалпы ерекшеліктері.

Шағатай тілінде жазылған шығармаларда араб әліпбиі қолданылған. Ұйғыр әліпбиімен жазылған мәтіндер де кездескенімен, бұл мәтіндер көбінесе Әмір Темір сарайындағы ресми іс-қағаздарда қолданылған. Араб және Ұйғыр әліпбилері Шағатай тіліндегі сөздердің дұрыс айтылуын анықтауда жеткіліксіз болған. Сол себепті, Я. Экман, «Шағатай тілінің айтылуымен жазылуы қолданылған кезең мен аймаққа қарай өзгешеленіп отырады» - дейді. Бұл өзгешеліктер мәтіндердің емлелерінде көрсетілмегендіктен, Шағатай тіліндегі сөздердің айтылуы және оқылуы тек болжамдарға сүйенуде. Сондықтан осы сабақта шағатай тілін кезеңдерге бөліп емле және фонетикалық морфологиялық өзгешеліктерін мысалдармен түсіндіруге тырысасыз. Соны мен қатар магистранттарға араб әріптерін де үйреніп жазып оқуға бағыттаймыз.

### Орфографиялық ерекшеліктер; Дауысты дыбыстардың жазылуы

/a/ дауыстысы, негізінде, сөз басында тек *alin* (ا) немесе созыңқы /ā/ (ā) арқылы жазылады. Ал, сөз ортасында кездескен жағдайда кейде (a) түрінде көрсетілсе, кейде ешқандай белгімен көрсетілмейді. Сөз соңында кездескен жағдайда, кейде *alin* (ا) арқылы, болмаса жіңішке *he* (ه) әріптерімен көрсетіледі. Мысалы: اسرو (asru/асру), آى (āy/ай), بارچا (barça/барча), قرا (qara/қара), بولسه (bolsa/ болса).

/e/ немесе /è/ дауысты дыбысы сөз басында келсе, негізінде әліп /a/ (ا) әріпмен жазылады. Сөз ортасында қолданылса, кейде ешқандай да бір белгімен көрсетілмейді. Сөз соңында кездескен жағдайда, кейде *alin* /a/ (ا) арқылы, болмаса жіңішке *he* (ه) әріптерімен көрсетіледі. Мысалы: الیده (elide/елиде), سورماسه (sürmese/ сүрмесе), اوزگا (özge/ өзге), اولسه (olsa/ олса).

/ı/ (ы) дауыстысы сөз басында келсе, негізінде *alin* + *йе* (ای) әріптері арқылы жазылады. Сөз ортасында немесе соңында *йе* (ی) әріпімен көрсетіледі. Мысалы: ایراق (ıraq/ырақ), قیلیپ (qılıp/қылып), قیزاردی (qızardı/ қызарды), آياقچی (ayaqçı/ аяқчы), قیلسون (qılsun/кылсын), اولوسی (ulusu/улусы).

/i/ (и) дауыстысы, жалпы, сөз басында *alin* + *йе* (ای) түрінде жазылады. Сөз ортасында және соңында *и* (ی)-мен көрсетіледі. Мысалы: ایلا (ila/йла), کیلیپ (kilip/ килип), اشنینک (işniñ/ ишнің), کیشی (kişi/ киши).

/o, ö, u, ü/ (o, ө, ү, ұ, у) дауыстылары сөз басында үнемі *alin*+*вав* (او) түрінде жазылады. Сөз ортасы мен сөз соңында *вав* (و) мен көрсетіледі. Мысалы: اوق (oq/оқ), اوشبو (uşbu/ұшбу), اوز (öz/өз), اوترو (ötürü/өтру), اوچون (üçün/үчүн), طوقوز (toquz/ тоқұз), طوپراغ (topraq/ топрақ), كۆنكول (köñül/ көңүл), سىنوق (sinuq/ синуқ), قارشو (qarşu/қаршу), انجو (incü/інжү).

## Дауыссыз дыбыстардың жазылуы

/b/, /p/ (б, п) дауыссыздары жалпы алғанда аралас түрде жазыла алады. /p/ (п) есімше жалғауының әрқашан be/бе (ب) түрінде жазылатынын көруге болады. Мысалы: اويناب (оунап/ойнап), اولتوروب (öltürüp/өлтүрүп).

/ç/ (ч) дауыссызының жазылуында ерекшеліктер кездеседі. Негізінде, /ч/ дауыссызы үш нүктелі формадағы *джим* (ج) әріпі арқылы көрсетіледі, алайда кейбір сөздерде *джим* (ج) әріпінің қолданылғанын да көреміз. Кейбір түрік және парсы сөздерінде *йе* (ی) және *джим* (ج), енді біреулерінде *б* (ب), *и* (ی) және *джим* (ج) әріптерінің орнына үш нүктені кездестіреміз. Мысалы: نيچه (ниче/ниче), بيچارا (bī-çārē/бичара).

/g/ (г) дауыссызының сөз басындағы жазылу тәртібі түрік және парсы тілінде де *кеф* (ك) әрпімен жазылады. Мысалы: گل (gül/гүл), گدا (gedā/геда).

/ŋ/, дауыссызы әрқашан *нун* (ن) және *кеф* (ك) әріптерімен жазылады. Мысалы: انكا (аңа/аңа), قيشنيك (qışniŋ/қышның), ساچينك (saçin/sачың).

Шағатай тілінің орфографиясында /s/ (س), /s'/ (ص) және /t/ (ت), /t'/ (ط) әріптерінің айырмашылығы анық емес. Түрікше сөздердің жазылуында жуан және жіңішке сөздерде /s/, /s'/, /t/, /t'/ әріптерімен беріледі. Мысалы: ساچينك (saçin/sачин), سيچقان (sıçqan/сычқан), توفراق (tofrak/тофрақ), توتقون (tutqun/түткун).

## Қосымшалардың жазылуы

Шағатай тілінде көптік жалғауы, септік және тәуелдік жалғаулары мен жұрнақтардың басым бөлігі бөлек жазылады. Алайда, кейбір мәтіндерде қосымшалардың бірге жазылуын кездестіруге болады. Солардың ішінде бір дауысты дыбыстан жасалынған қосымшалар көп жағдайда бірге жазылғандығын көре аламыз.

## Қос дауыссыз дыбыс

Екі бірдей дауыссыз дыбыс көп жағдайда бір дауыссыз дыбыс пен жазылады. Бірақ, кейбір мәтіндерде қос дауыссыз дыбысты көрсету үшін шадда (ّ) белгісі қолданылған. Мысалы: سرّ (sirr/сырр), ميسّر (müyesser/муйэссэр), اچچيغ (aççıg/аччиғ), الينده (allında/аллында), اوزاتتى (uzatti/узатты).

## Тапсырмалар:

**1. Төмендегі ұқсас әріптермен берілген буындардың оқылуына назар аудара отырып, жазуға дағдыланыңыз.**

خا (ħa), خه (ħe), خو (ħu), خي (ħi)

دا (da), ده (de), دو (du), دی (di)

با (ba), به (be), بو (bü), بی (bi)  
تا (ta), ته (te), تو (tü), تی (ti)  
جا (ca), جه (ce), جو (cü), جی (ci)  
حا (hâ), حه (hê), حو (hû), حی (hî)  
سا (sa), سه (se), سو (sü), سی (si)  
كا (ka), كه (ke), كو (kü), كى (ki)  
وا (va), وه (ve), وو (vu), وی (vi)  
ها (ha), هه (he), هو (hü), هی (hi)  
ضا(za), ضه (za), ضو (zu), ضی (zi)  
طا (ta), طه (te), طو (tu), طی (ti)  
غا (gâ), غه (gê), غو (gü), غی (gi)  
قا (qâ), قه (qê), قو (qü), قی (qi)

## 2. Төмендегі әріптердің сөз басы, сөз ортасы және сөз соңындағы жазылу түрлерін жазуға машықтаныңыз

ا	ن
ب	و
س	ه
ج	لا
ص	ى
ط	ع
د	ف
ر	ك
م	ل

## 3. Төмендегі сөздерді оқыңыз және көшіріп жазып, машықтаныңыз.

قارا	حالا	پشاياق
آقا	باتاق	آغا
ياصا	آبا	طاشار

شائشار	يارا	داياق
قاما	ياشا	آرا
باجا	ماصا	
صاباق	يادا	

**4. Берілген сөздердің жазылуына назар аудара отырып, оқылуын үйреніңіз.**

آبا	آغا	باجا	پارا	چاغا	حارا	قايا	مايا	ياصا
آنا	آقا	باغا	پاشا	چاقا	حاشا	ماپا	يابا	ياقا
آچا	آلا	بالا	پالا	چالا	قارا	ماصا	يادا	ياللا
آدا	آنا	پاپا	چابا	چاچا	قاصا	ماشنا	يارا	ياما
آرا	بابا	پاچا	چاپا	حالا	قاما	مالا	ياشا	يايا

**5. Төмендегі сөздерді араб әріптерімен жазыңыз.**

ata	baba	qaya
aqa	qaka	mayya
ara	qaga	yada
ana	qaba	yaba
ala	hara	
aqa	haqa	yaqa
aba	qala	yala
baqa	qapa	yaya
paqa	qara	yama
para	qasa	yara
paqa	qama	
pala	masa	
baca	mala	



### **СМӨЖ Тақырыптары:**

1. Ортағасыр жазба жәдігерлердің мазмұндық ерекшеліктері.
2. Харезм кезеңі, аймағы және әдеби жазба ескерткіштері туралы Отандақ және шетелдік деректер негізінде шолу жасау.

### **Әдебиеттер Тізімі:**

1. Argunşah, M., Çağatay Türkçesi, Kesit баспасы, Анкара, 2013.
2. Akar, A., Türk Dili Tarihi, Ötüken баспасы, Анкара, 2005.
3. Devellioğlu, F., Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lûgat, Aydın Kitapevi баспасы, Анкара, 1993.
4. Eckmann J., аудар: Karaağaç G., Çağatayca El Kitabı, Akça баспасы, Анкара, 2003.
5. Eren, H., Çağatay Lugatleri Hakkında Notlar, DTCF журналы, №1-2, Анкара, 1950.
6. Eminoglu, M., Osmanlı Vesikalarını Okumaya Giriş, Türkiye Diyanet Vakfı баспасы, Анкара, 2017.
7. Шадкам З., Кыдырбаева Ү., «Шағатай тіліне кіріспе». Қазақ университеті. Алматы. 2019.